

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

«Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ

010000, Астана қаласы,
Мәңгілік Ел даңғ., 8
тел.: 8 (7172) 72-59-73



МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

«НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ им. И. АЛТЫНСАРИНА»
РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ

010000, город Астана,
пр. Мангилик Ел, 8
тел.: 8 (7172) 72-59-73

№

№ 01-02/333 от 03.04.2025

**Облыстық, Астана, Алматы,
Шымкент қалаларының білім
басқармалары және
Әдістемелік орталық/кабинет
басшыларына**

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қолдауымен Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКК Астана қаласы әкімдігінің «М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК базасында 2025 жылдың 3 мамыры күні «Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (ары қарай – конференция) ұйымдастырылады. Конференцияға орта білім беру ұйымдарының тарих пәні мұғалімдері, өлкетанушылар мен зерттеуші-ғалымдар оффлайн форматта қатысу жоспарлануда.

Аталған конференцияға Орта білім беру ұйымдарының тарих пәні мұғалімдерінің қатысуына ықпал етуіңізді сұраймыз. Конференция туралы Ақпараттық хат қосымшада берілген. Іссапар шығындары жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.

Қосымша: 5 парақта.

Вице-президент

Р. Каратабанов

Орынд.: Архыматаева А.Ж. (Зертхана меңгерушісі)



«Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қолдауымен Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКК Астана қаласы әкімдігінің «М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК базасында 2025 жылдың 3 мамыры күні **«Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы** өткізіледі.

Конференцияға тарихшылар, өлкетанушылар, зерттеушілер, тарих пәні мұғалімдері шақырылады.

Конференция оффлайн форматта өтеді.

Конференцияның өтілу тілі: қазақ тілі.

Конференцияның мақсаты:

Батырлар институтының тарихи және мәдени маңыздылығын зерттеп, Қазақстан халқының рухани құндылықтарын, батырлар дәстүрін қазіргі қоғамға енгізу арқылы ұлттық рухани мұраны сақтап, дамыту. Ұлы Отан соғысы және қазіргі заман батырларының ерліктері мен Отанға қызмет ету рухының маңыздылығын дәріптеу.

Конференцияның міндеттері:

- Батырлар институтының қазақ халқының әлеуметтік құрылымындағы, тарихындағы рөлін талдап, олардың қоғамдағы орны мен тарихи сабақтастығын көрсету;
- Батырлар институты арқылы жастар арасында патриотизм мен ұлттық бірлік сезімін нығайту, олардың тарихымызға деген қызығушылығын арттыру;
- Батырлар институтына қатысты жаңа ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстарды талқылау, ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салу;
- Соғыс кезеңіндегі батырлар мен олардың ерліктері, тарихи тұлғалардың бейнелері, олардың қоғамдағы орны туралы мағлұмат беру;

- Қазіргі заман батырларының ерліктері мен Отанға қызмет ету рухының маңыздылығын көрсету;
- Жастарға батырлар институты арқылы ұлт батырларының ерлік жолын үлгі ете отырып, оларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

Конференция екі бөлімнен тұрады:

1. Пленарлық отырыс;
2. Секциялық отырыс.

Конференцияның секциялық отырыстарының бағыттары:

1. «Батырлар институтының тарихи және мәдени негіздері» - шеберлік сынып

Шеберлік сыныбына қойылатын талаптар:

- Қазақ батырларының ерлік істерінің тарихи контексті және сабақтастығы;
- Батырлардың ерлік істерінің қазіргі заманға әсері мен олардың насихатталуы;
- педагог тәжірибесінің инновациялылығы, жаңашылдығы, креативті идеясы, өзіндік әдістемесі;
- берілген 5-7 минутта аудиторияның назарын өзіне аудара білу шеберлігі;
- тақырыпты ашудағы пікір құндылығы, ойдың сабақтастығы, қорытынды пікірдің болуы.

2. «Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер сабақтастығы»- шығармашылық жұмыстар көрмесі арқылы постер қорғау

Шығармашылық жұмыстар көрмесіндегі постерге қойылатын талаптар:

- Қазақтың батырлары мен тарихи тұлғаларының бейнелері, олардың ерліктерін паш ететін шығармалар;
- Қазақтың батырлары, тарихи тұлғаларының бейнелері, олардың жекелеген ерліктері, салт-дәстүрлері туралы көркем суреттер. Әрбір батырдың өмірі мен ерлігін бейнелеу;
- Батырлардың шайқастардағы ерліктері немесе батырлық жолдарындағы маңызды сәттерді көрсету;
- Банер түрінде постер көлемі **90/130 см**

3. «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы: «Батырлар рухы мен ерліктері» буктрейлер жасау

Буктрейлерге қойылатын талаптар:

- Соғыс кезеңіндегі батырлар мен олардың ерліктері, тарихи тұлғалардың бейнелері, олардың қоғамдағы орны туралы маңызды ақпарат ұсынылуы қажет;
- Буктрейлерде соғыс кезіндегі архивтік фотосуреттер, бейнемазмұндар мен құжаттар қолданылуы;
- Батырлардың соғыстағы ерліктері, тарихи туралы визуалды материалдар пайдаланылуы қажет;
- Буктрейлердің мазмұнына сәйкес келетін эпикалық және патриоттық музыка қолдану;
- Буктрейлердің ұзақтығы 2-5 минут;
- Буктрейлер MP4 форматында болуы тиіс (бейнемазмұнның сапасы жоғары болуы керек).

4. «Қазіргі заман батырлары: Отанға қызмет ету ерлігі» баяндама

Баяндамаға қойылатын талаптар:

- Баяндаманың тақырыбы қазіргі заман батырларының ерліктері мен Отанға қызмет ету рухының маңыздылығын көрсетуі қажет;
- Баяндамада қазіргі батырлардың ұлттық рухты көтерудегі, патриоттық тәрбиені қалыптастырудағы рөлі туралы айтылуы тиіс;
- Қазіргі уақыттағы батырлар, олар жасаған ерліктер, қоғамға қосқан үлестері туралы нақты деректер келтіру керек;
- Баяндама соңында ұсыныстар мен қорытындылар жасалуы қажет. Бұл қазіргі заман батырларының рөлін бағалап, оларды ұлықтау, қоғамда патриоттық рухты дамыту жолдарын көрсету;
- Баяндама уақыты 4-5 минутқа дейін.

Өткізу күні: 2025 жылғы 3 мамыр, сағат 09.30-17.30.

Конференцияның ашылуы: 2025 жылғы 3 мамыр сағат 10.00-де. Тіркеу сағат 09.30-да басталады.

Конференцияға қатысу үшін 2025 жылғы 15 сәуірге дейін өтінім мен баяндаманың тезистерін baybaky@mail.ru электрондық поштаға жіберу қажет.

Қатысушылар үшін «**Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы**» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жариялау көзделген. Барлық конференция бағыттарына қатысушылар жұмыстарын баяндама форматында жариялауына болады. Материалдар жинағын жариялау конференция басталғанға дейін жоспарланған. Конференцияға қатысу тегін.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне 2025 жылғы 15 сәуірге дейін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- конференцияға қатысуға жеке өтінім (№ 1 қосымша);
- талаптарға сәйкес жасалған баяндаманың мәтіні (№2);

Барлық қажетті материалдар бір файлда baybaky@mail.ru электрондық поштасына «Тегі, Өтініш» және «Тегі Мақала» файл атаулары бар мақалаға жіберілуі тиіс. Ұйымдастыру комитеті жариялау үшін мақалаларды таңдау құқығын өзіне қалдырады, ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына немесе қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін материалдарды қабылдамауға құқылы.

Қосымша сұрақтар бойынша ұйымдастыру комитетіне, ұялы телефондар бойынша 87054285071, 87472274179 хабарласуға болады.

Қосымша №1

Өтінім

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға

«**«Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы»**»

Конференцияға қатысушының аты-жөні	
------------------------------------	--

Облыстың, қаланың, ауданның атауы	
Білім беру ұйымының атауы	
Секциялық отырыстың бағыты	
Конференция материалдарының атауы	
Байланыс ақпараты: телефоны және электрондық мекенжайы	

№ 2 қосымша

Материалдар жинағын жариялау
«Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы»
ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Жинаққа материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Баяндаманың (мақаланың) мәтіні 3 беттен аспауы тиіс, мәтін форматы:

- өрістер: жоғарғы жағы - 2 см., төменгі жағы - 2 см., сол жағы - 2,5 см, оң жағы - 1,5 см.;
- қаріп: Times NУЎew Roman, кегль - 14;
- жоларалық интервал: 1 интервал;
- жаңа жол: 0,9 см;

• баяндаманың атауы (бас әріптермен, қалың қаріппен) ортасында, бір жол арқылы орындаушының аты (бас әріптермен), білім беру ұйымының атауы жазылады. Библиографиялық тізім мақаланың соңында әліпбилік тәртіппен келтіріледі.

Қатысушының жұмысы мен тіркеу парағы бір файлда сақталуы және автордың тегімен аталуы тиіс. Баяндама материалдары мен тіркеу нысаны 2025 жылғы 12 сәуірге дейін қабылданады. Талаптарға сәйкес толтырылмаған, мерзімі өткен , сондай-ақ көшірілген жұмыстар конференцияға қатысуға жіберілмейді.

Согласовано

03.04.2025 13:57 Смайлов Сейфулла Шай-Ахметович

Подписано

03.04.2025 14:53 Каратабанов Руслан Адильханович



Данный электронный документ DOC ID KZ1B9M020251000263978901C3 подписан с использованием электронной цифровой подписи и отправлен посредством информационной системы «Казахстанский центр обмена электронными документами» <https://documentolog.com/>. Для проверки электронного документа перейдите по ссылке: <https://documentolog.com/?verify=KZ1B9M020251000263978901C3>

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 01-02-03/232 от 03.04.2025 г.
Организация/отправитель	РГКП "НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ.И.АЛТЫНСАРИНА» МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН."
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ»
	ГУ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ АБАЙ
	КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОБЛАСТНОЙ ИННОВАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР» ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ АБАЙ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ
	"УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ"
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	 Согласовано: Смайлов Сейфулла Шай-Ахметович без ЭЦП Время подписи: 03.04.2025 13:57
	 Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Национальная академия образования имени И. Алтынсарина" Министерства просвещения Республики Казахстан Подписано: КАРАТАБАНОВ РУСЛАН МПХ2QYJ...o0g3ujA== Время подписи: 03.04.2025 14:53
	 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ЭЦП канцелярии: ТЕМІРҒАЛИ ЛАУРА МПХ4wYJ...0F3f2MNM= Время подписи: 03.04.2025 15:21

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.